

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартты бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1994 жылғы 6 қазан

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы
Әскериынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28 наурызда Мәскеу қаласында қол
қойылған шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы Шарт

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 82-құжат) (1998 жылғы 10 қыркүйекте күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 73 бет)

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, бұдан былай Тараптар делінеді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты басшылыққа ала отырып, ұжымдық қауіпсіздік мүддесіне сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде және екі жақты негізде қорғаныс саласындағы ынтымақтастық бойынша бұрын қол жеткен уағдаластықтарды ескеріп, тараптардың 1991 жылғы 31 шілдедегі стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту және шектеу туралы шарт пен 1992 жылы 23 мамырда Лиссабонда қол қойылған оның хаттамасы бойынша, мұнан әрі бұлар тиісінше СШҚ-1 туралы шарт және Лиссабон хаттамасы делінеді, өз міндеттемелерін қатаң да дәйекті орындау қажеттілігіне сүйеніп, ортақ әскери-стратегиялық кеңістік шеңберінде бірлескен сенімді қорғанысты қамтамасыз етуде күш-жігер біріктіру мен іс-қимылды келісіп алу қажеттігін тани отырып, тараптар арасындағы әскери ынтымақтастықты жаңа сапаға көтеру мен оның құқықтық негізін қамтамасыз етуге ұмтылысын білдіре отырып, мына төмендегілер жайында уағдаласты:

1-бап

Осы Шарттың мақсаттары үшін төмендегі терминдер мынаны білдіреді:

"Стратегиялық ядролық күштер" (СЯК) - қарулануында немесе сақтауында стратегиялық ядролық қаруы бар құрамдарды, бөлімшелерді, мекемелерді, ұйымдар

мен объектілерді қамтитын әскери құрылымдар мен олардың қызметін қамтамасыз ететін бөлімдер;

"Бірлескен әскери құрамдар" - Бірлескен Қорғаныс міндеттерін шешу үшін Тараптар бөлетін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ресей Федерациясы Қарулы Күштері бөлімшелері мен құрамдары;

"Қорғаныс мақсатындағы объектілер" - Тараптардың аумақтарындағы жер учаскелерінде орналасқан сынақ полигондары, әскери объектілер, өнеркәсіп өкілдіктерінің объектілері мен жауынгерлік алаңдар, оларды Тараптар бірлесе отырып пайдалануы мүмкін, немесе оларды бір Тарап екінші Тарапқа жалға беру шартымен екі Тараптың қорғаныс қабілетін нығайту үшін әскери мақсаттарда пайдалануға береді;

"Тасушы" - құрылықаралық баллистикалық ракета (ҚБР), бомбалаушы ауыр ұшақтар, әуеде орналастырылған қанатты ракеталар (ӘОҚР);

"Ядролық оқ-дәрі" - ҚБР немесе ӘОҚР-дың ядролық оқтылықты жарылғыш бөлігі.

2-бап

Тараптар өздерінің мемлекеттік егемендігі мен аумақтық тұтастығын, шекарасының мызғымастығын өзара құрметтеу, дауларды бейбіт жолмен реттеу және күш қолданбау немесе күшпен қоқан-лоққы жасамау, тең құқылық және ішкі істерге араласпау, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа сәйкес шарттық міндеттемелерді мұқият орындау, сондай-ақ жалпыға бірдей танылған басқа да халықаралық құқық нормаларын сақтау принциптеріне сүйеніп, мемлекетаралық қатынастардың достық негізі туралы өз міндеттемелерін қуаттайды.

Тараптардың бірінің қауіпсіздігіне, тәуелсіздігіне немесе аумақтық тұтастығына қатер төндіретіндей ахуал туған жағдайда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы кідіріссіз консультациялар өткізеді және халықаралық құқыққа, 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және көмек туралы екі жақты Шартқа және 1992 жылғы 15 мамырдағы ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа P920997_ сәйкес әскери көмекті қоса бір-біріне қажетті жәрдем көрсету жөнінде нақтылы іс-қимыл қолданады.

3-бап

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аумақтарында орналастырылған стратегиялық ядролық күштер Тараптардың қауіпсіздік мүддесі үшін міндеттер атқарады.

Қазақстан Республикасы өз аумағында орналасқан Стратегиялық ядролық күштердің қызметінде қалыптасқан жүйені ескере келіп, өз аумағындағы аталған Стратегиялық ядролық күштер әскери құрамалары үшін Қазақстан Республикасының

аумағында уақытша негізде орналасқан Ресей Федерациясы стратегиялық ядролық күштердің - Ресей әскери құрамалары мәртебесін таниды.

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналастырылған Стратегиялық ядролық қаруды толық жойғанға немесе оны Ресей Федерациясының аумағына шығарғанға дейін оны пайдалану қажеттігі жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасының Президентімен келісе отырып Ресей Федерациясының Президенті қ а б ы л д а й д ы .

Бұл ретте Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан стратегиялық ядролық қаруды рұқсатсыз қолдануға жол бермейтін ұйымдық және техникалық шаралар қолданылатынына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық құқық нормаларына сәйкес келетін стратегиялық ядролық күштердің болу шарттары жеке Келісіммен анықталатын болады.

4-бап

1991 жылдың 31 тамызындағы жағдай бойынша Тараптың аумағында жайғасқан барлық жылжитын және жылжымайтын әскери мүлік оның меншігі болып табылады.

Ресей Федерациясының аумағына шығарған жағдайда 1991 жылдың 31 тамызындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы аумағында болған ядролық оқ-дәрі материалдарының, тасушылардың, сондай-ақ стратегиялық ядролық күштер жабдықтары мен мүліктердің тараптар келіскен барабар құнын (ақшалай немесе басқа нысанда) Қазақстан Республикасының алуға құқылы екенін Ресей Федерациясы м о й ы н д а й д ы .

Бұл ретте аталған материалдар мен жабдықтардың құнын Ресей Федерациясының оларды ұстауға, тасымалдауға және өңдеуге шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тиесілі барабар құнының мөлшерін бағалауды Тараптар келісілген т ә р т і п б о й ы н ш а жүзеге асырады.

1991 жылдың 31 тамызынан бастап жаңадан салынған объектілерге, ғимараттар мен құрылғыларға немесе осы күннен бастап әкелінген қаруға, техникаға, жабдықтар мен мүлікке меншік құқығы тиісті жұмыстарды қаржыландырған Тарапқа беріледі. Ал оларды үлестік негізде қаржыландырған жағдайда меншік құқығы үлестік салымдар ескерілген жеке келісімдермен анықталады.

Тараптардың бірінің Қарулы Күштерінің келесі Тараптың аумағында орналасқан объектілер мен құрылғыларды пайдалану мүмкіндігін Тараптар қуаттайды. Әскери объектілер мен құрылғыларды пайдалану мүмкіндігін Тараптар қуаттайды. Әскери объектілер мен құрылғылардың тізбесі, сондай-ақ олардың пайдалану тәртібі мен шарттары жеке келісімдермен анықталады.

Бірлескен қорғанысты жетілдіру және ұлттық қауіпсіздікті нығайту мүдделерін

негізге ала отырып, Тараптардың әрқайсысы өз заңдарына сәйкес өзара тиімді шарттар негізінде келесі Тарапқа өз қарулы Күштерінің мүлігін иелену мен пайдалануға, оның ішінде жалға беру шарты негізінде бере алады.

Тараптардың әрқайсысы келесі Тарапқа өзінің аумағында орналасқан әрі әскери мақсаттарда пайдаланылатын әскери объектілерде немесе жер әскери мақсаттарда пайдаланылатын әскери объектілерде немесе жер учаскелерінде, екіншісінің жетілдіру жасағаны үшін, немесе осы Шарттың күшінің мерзімі өтуіне орай қалдырылған ғимараттар мен құрылғылар үшін, немесе мерзімінен ерте қайтарылған объектілер мен жер учаскелері үшін (егер жеке келісімдерге сәйкес өзге уағдаластықтар болмаса) қандай да бір өтем жасауға міндетті емес.

5-бап

Тараптардың бірлесе отырып қорғаныс мақсатында пайдаланатын объектілерінің мәртебесі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының осы объектілерді басқаруды, пайдалануды және материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етуші мемлекеттер ретіндегі құқықтылығы, сондай-ақ Тараптардың қорғаныс қабілетін арттыру мүддесінде аталған объектілердің қызметі мен пайдалануын бақылау жөніндегі бірлескен құқықтылығы негіздерінде белгіленеді.

Тараптар, СЯҚ пен бір-бірінен жалға алған қорғаныс мақсатындағы объектілерді басқару, пайдалану, материалдық-техникалық жабдықтау міндеттерін атқара отырып, оларды қауіпсіз пайдалану мен ядролық және басқа да қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін толық жауап береді.

Бұл ретте Тараптардың әрқайсысы екінші тараптың уағдаластық міндеттемелерін оның ішінде СШҚ-1 туралы Шарт пен Лиссабон хаттамасы бойынша міндеттемелерін орындауына және олардың мемлекеттік орындарының жұмысына кедергі келтіретін қандай да бір әрекеттер жасамауға және (немесе мемлекет және) немесе жеке меншікке зиян тигізбеуге міндеттенеді.

Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан Стратегиялық ядролық күштер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясына беретін қорғаныс мақсатындағы объектілер қызметінің зардаптарын жою жөнінде Қазақстан Республикасымен келісілген шаралар қолданады. Төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда Тараптар олардың зардаптарын жою жөнінде қолма-қол шаралар қолданады, бұл туралы бір-бірін кідіріссіз хабардар етеді.

6-бап

КСРО мен АҚШ арасындағы Ракетаға қарсы қорғанысты шектеу туралы 1972 жылғы 26 мамырындағы Шарттың қағидаларын қатаң сақтаудың маңыздылығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өзара мүдделілігін тани

отырып, Тараптар Сарышаған сынақ полигонын пайдалану аталған Шарттың 3-бабында анықталған аудандарда жайғастырылған РҚҚ жүйесін немесе компоненттерін құру мен жетілдіру мақсатында жүзеге асырылатындығы жөніндегі түсінікті негізге алады. Бұл ретте Сарышаған полигонын Тараптардың пайдалану шарттары жеке Келісіммен анықталады.

7-бап

Тараптар стратегиялық шабуыл мен кәдімгі қаруларды қысқарту және шектеу жөніндегі көпжақты халықаралық шарттар мен саяси міндеттемелерді жүзеге асыруда бір-біріне өзара көмек көрсетеді.

Үшінші мемлекеттермен әскери ынтымақтастық және қару-жарақ пен техника беру саласында шарттар мен келісімдер жасасқанда Тараптардың әрқайсысы келесі Тараптың мүддесін ескеруге міндеттенеді.

8-бап

Тараптар қорғаныс министрліктері Тараптардың өзара қауіпсіздігі мүддесінде әскерлерді бірлесе қолдану және пайдалану мәселелері бойынша жеке келісімдер әзірлеп, жасасады, сондай-ақ Тараптардың қайсысының аумағында болсын өзара келісім бойынша басқару органдары мен әскерлерді даярлау жөнінде бірлескен шаралар жоспарлап, жүргізеді.

Тараптар өздерінің бірлескен қолбасшылығы басқаратын бірлескен әскери құрамдар құра алады.

9-бап

Тараптар бірлесе пайдаланылатын қорғаныс мақсатындағы объектілерді басқару, жабдықтау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, бірлескен әскери құрамалар мен бірлескен қолбасшылық тәртібі жеке келісімдермен анықталады.

10-бап

Тараптар әскери барлау саласында ынтымақтасуды жүзеге асырады. Тараптардың әрқайсысы келесі Тарапқа қарсы бағытталған әскери-барлау қызметін жүргізбеуге міндеттенеді.

11-бап

Тараптар екі жақтың қауіпсіздігін бірлесіп қамтамасыз ету мүддесі үшін Каспий теңізінің айдынында Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз күштері мен Ресей

Федерациясының Әскери-Теңіз флотының күштері мен құрал жабдығын пайдалану туралы келісім жасасады.

12-бап

Келесі Тараптың аумағында қызмет атқарып жүрген Тараптардың бірінің әскери қызметшілерінің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі, оларды зейнетақымен қамтамасыз ету және осы адамдарды басқа да әлеуметтік құқықтық қорғау мәселелері жеке келісіммен белгіленеді.

Тараптар өз мемлекетінен тыс жерлерде әскери қызмет өткеріп жүрген азаматтарына өздерінің заңдарында көзделген әлеуметтік кепілдіктер мен азаматтық құқықтарды беру мен оларды жүзеге асыру кепілдігін қолданады.

Тараптар әскери қызметшілерге берілген әскери атақтардың, мемлекеттік наградалардың, білімі туралы құжаттардың жарамдылығын мойындайды, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілерді, адамдарды және олардың отбасы мүшелерін Тараптардың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес, бұрынғы КСРО Одағының Қарулы Күштерінде қызмет өткерген жылдарын және кейін Тараптардың қарулы күштерінде, оның ішінде контракт бойынша қызмет өткерген жылдарын ескере отырып, зейнетақымен қамтамасыз етуге, жеңілдіктер жасалуына кепілдік береді.

Тараптар азаматтығына қарамастан, азаматтық құрамды өздерінің қарулы күштерінің әскери бөлімдеріне, кәсіпорындары мен мекемелеріне жұмысқа қабылдауда олардың тең құқылығына кепілдік береді және олардың осы кезеңдегі жұмысын зейнетақы есептеу кезінде жалпы еңбек стажына қосуға міндеттенеді.

Тараптардың бірі екінші Тараптың аумағына орналасқан өзінің әскери бөлімдерін, мекемелері мен орындарын таратқан кезде біріншісі өзінің заңдарына сәйкес азаматтық құрамға өтем жасауға міндеттенеді.

Тараптар ұлттық заңдарды жетілдіру мен жақындастыру, оның ішінде Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін, азаматтық құрамын қаржылық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілер мен адамдарға, олардың отбасы мүшелеріне жеңілдіктер беру мәселелері бойынша өзара консультациялар алысып отырады.

13-бап

Әскери құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының құрамына кіретін адамдар Тараптардың мемлекеттік шекарасынан визасыз негізде, шекаралық паспорттарды ресімдемей-ақ және паспорттарына рұқсат ету белгілерін соқтырмай-ақ, жеке басының куәлігін (әскери билетін, паспортын) және іссапар куәлігін (демалыс билеттерін, нұсқамаларын) көрсету бойынша, ал олардың кәмелетке толмаған балалары - тиісті құжаттардағы жазбалар бойынша өте береді. Олар жаңа қызмет орнына немесе тұрақты

жеріне жіберілген кезде өзінің мүлкін Тараптардың заңдарына сәйкес Тараптардың шекарасы арқылы бажсыз, салықсыз және өзгедей алымсыз өтеді.

Тараптардың бірінің қарулы күштерінің елуден астам адамы бар шекарасы арқылы өткізу Тараптардың қорғаныс министрліктері арасында алдын ала хабардар етіп, келісуге сәйкес жүзеге асырылады.

14-бап

Әскери құрамаларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Тараптардың қорғаныс министрліктері өздерінің Қарулы Күштері мен біріккен әскери құрамаларының жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілетін жоғары деңгейде ұстауға кепілдік беретін өзара тиімді шарттар негізінде жүзеге асырады және жеке келісімдермен реттеледі. 1

15-бап

Тараптардың бірінің екінші Тарап аумағында орналасқан әскери құрамаларының қызметін бұлар да қарамағына алған Тарап қаржыландырады.

Өз аумақтарында орналасқан Тараптардың әскери қызметшілері мен әскери құрамаларының тұрмыс-қызметін қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың ұлттық валютасы мәселелері Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Ресей Федерациясының Орталық банкі арасындағы Келісімге сәйкес реттеледі.

16-бап

Тараптардың әрқайсысы келесі тараптың объектілеріндегі, жер учаскелеріндегі өз қызметінде келесі тараптың мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздігін, сондай-ақ оның азаматтарының жеке қауіпсіздігін бұзбауға міндеттенеді.

17-бап

Тараптар Қарулы Күштерді, қорғаныс мақсатындағы объектілерді және біріккен әскери құрамаларды жан-жақты қамтамасыз ету мүддесі үшін қару-жарақтың, әскери-техниканың, материалдық-техникалық құрал-жабдықтың бірлескен әзірлемелерін жасау, оларды өндіру, жөндеу және беріп тұру саласында келісілген саясат жүргізеді, әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері үйлестірілуін жүзеге асырып, бұл ретте қару-жарақ пен әскери-техниканың әзірлемелерін кәсіпорындар мен оларды жасаушылар арасында қалыптасқан кооперациялық байланыстардың сақталуы мен дамытылуын қамтамасыз етіп отырады. Беріп тұру мен қызмет көрсету бажсыз негізде жүзеге асырылады.

Қару-жарақ пен әскери-техника саласындағы, сондай-ақ өнімдерді (жұмыстар мен

қызметтерді) өзара беріп тұру жөніндегі саясатты үйлестіру мәселелері бірлескен қару-жарак бағдарламалары арнаулы келісімдермен анықталады.

Тараптар қалыптасқан мамандандыру мен кооперацияны сақтап және дамыта отырып, қорғаныс өнеркәсібі, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі конструкторлық жұмыстар саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптар әскери-техникалық салада келісілген саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық комиссиясын құрады.

18-бап

Тараптар тиісті келісімдер негізінде Тараптардың Қарулы Күштеріне офицер кадрлары мен кіші әскери мамандарды оқыту мен даярлаудың қалыптасқан тәртібін сақтайды.

19-бап

Тараптар байланыстың, әуе қорғанысының, хабарлау мен коммуникациялардың барлық түрінің қалыптасқан жүйесін сақтайды және оларды дамыту жөнінде келісілген шаралар қолданады.

Тараптар мемлекетаралық әскери тасымал саласында ынтымақтасуды жүзеге асырады. Мұндай ынтымақтастықтың тәртібі жеке келісімдермен анықталады.

Тараптар әскери және азаматтық кемелердің ұшуына арналған бірыңғай әуе кеңістігін, олардың ұшуын тиісті келісімдер негізінде басқарудың бірлескен жүйесін сақтайды.

20-бап

Ұлттық Қарулы Күштерде, Тараптар бірлесіп немесе жалдау шартынегізінде пайдаланылатын қорғаныс мақсатындағы объектілерге және біріккен әскери құрамаларда тәртіп пен құқық тәртібін нығайту мақсатында Тараптар құқық қорғау саласындағы іс-әрекетін үйлестіріп отырады.

21-бап

Тараптар әскери қызметтің зардаптарына байланысты экологиялық проблемаларды шешуде бірлесіп шаралар жоспарлайды, өзара көмек көрсетіп отырады.

22-бап

Осы Шарт қандай да бір басқа мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және өздері қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне қатысты емес.

23-бап

Тараптар өздерінің аумағын келесі Тарапқа қарсы бағытталған қызметті жүзеге асыру мақсатында үшінші мемлекеттің пайдалануына жол бермейді.

24-бап

Осы шарттың ережелерін жүзеге асыру, сондай-ақ Тараптардың қорғаныс саласындағы ынтымақтастығын кеңейту және одан әрі тереңдете беру мақсатында Тараптар Бірлескен комитет құрады, ол Тараптар бекітетін Ережеге сәйкес жұмыс істейді.

25-бап

Осы Шартқа Тараптардың өзара келісуі негізінде өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л у і м ү м к і н .

Шарт бекітуге жатады және бекіту грамоталары алмасылған күні күшіне енеді.

Шарт он жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірде-бірі тиісті мерзім өтерден кемінде алты ай бұрын оның қолданылуын тоқтатуды өзінің қалайтыны туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабардар етпесе, кейін оның күші келесі он жылға өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Шарт ол қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады.

Мәскеу қаласында 1994 жылғы 28 наурызда 2-дана етіп, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалған, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

(Қолдары)

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы әскери ынтымақтастық туралы Шарттың 4-бабын келісілген түсіністік туралы Хаттамалық жазба

Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы Шарттың 4-бабының 1 абзацында еске алынғанға орай Қазақстан Республикасының оның аумағында тұрған ядролық оқ-дәріге қатысты жылжымалы әскери мүлік бөлігінің 1991 жылғы 31 тамыздағы жай-күйі бойынша құқық меншігі оқ-дәрінің жиынына емес, осындай оқ-дәрі материалдарына таратылады деп түсінеді.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК